



Түйінді оқиғалар



Қызметтің негізгі көрсеткіштері*




* Ф – өткен жылдың ұқсас кезеңіне қатысты факт және өсім пайызы, Ж – жоспар және жоспардың орындалу дәрежесі

Қаржылық көрсеткіштер

млн теңге	№	12А 2021	12А 2022	Өзг.	2023 Ж
Түсім	[1] [2]	724 218	944 758	30%	764 153
Өзіндік құн	[3]	723 052	939 196	30%	761 201
Жалпы пайды	[4]	1 165	5 562	377%	2 951
Жалпы пайда бойынша рентабельділік		0,2%	0,6%	266%	0,4%
ЕБИТДА		65 399	-3 916	-106%	-13 654
ЕБИТДА бойынша рентабельділік		9%	0%	-105%	-2%
Таза пайда	[5]	66 479	-16 274	-124%	-3 530
Таза пайда бойынша рентабельділік		9%	-2%	-119%	0%
Операциялардан таза ақша ағыны	[6]	12 429	-1 877	-115%	-4 464
Күрделі шығындар	[7]	8 110	18 056	123%	114 029
млн теңге	№	31.желт.21	31.желт.22	Өзг.	Жел 2023Ж
Қарыздар		21 201	52 319	147%	148 772
Меншікті капитал		734 235	663 852	-10%	723 158
Активтер		789 658	748 018	-5%	891 376


Қаржылық коэффициенттер



1. Кіріс құрылымында негізгі үлесті алтынды сатудан түскен табыс құрады (шамамен 99%).
2. Кірістің өсуі негізінен тазартылған алтынды сату көлемінің 21%-ға ұлғаюымен және алтын бағасының өсуімен байланысты. 2022 жылдың 12 айындағы орташа баға бір унция үшін 1 802 долларды құрады. Өткен жылдың осы кезеңінде - бір унция үшін 1 798 доллар.
3. Өзіндік құн құрылымында құрамында алтыны бар шикізатты (99%-дан астам) сатып алу шығыстары басым болды. Негізгі басқа шығындар жалақыға, негізгі құралдардың тозуына және тазартылған алтын өндірісінде қолданылатын материалдарға байланысты болды.
4. Жалпы пайда динамикасы әлемдік экономиканың қалпына келуі аясында алтын бағасының өсуіне байланысты.
5. Пайданың төмендеуі қауымдастырылған ұйымдардан үлестік шығын алуға және құнсыздану бойынша резервтер құруға байланысты.
6. Операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағынының төмендеуі ТМҚ қалдықтарын азайту жолымен баға тәуекелін азайту мақсатында Тау-Кен Алтын қабылдаған шаралармен байланысты.
7. Есепті кезеңде келтірілген күрделі шығындар Шалқия, Алайғыр және Солтүстік қатпар инвестициялық жобаларын іске асырумен байланысты («Күрделі шығындар» бөлімін қараңыз).

Күрделі шығындар

млн теңге Факт 2022 жылғы 12 ай



- Шалқия
- Алайғыр
- Солтүстік қатпар және Жоғарғы қайрақты
- Бершоғыр, Құндызды

ШалқияЦинк

2022 жыл - шығыстар негізінен тау-кен-күрделі жұмыстарды (ТКЖ) жүргізуге, базалық инжинирингке және қарызға қызмет көрсету жөніндегі шығындарға жұмсалады.

2023 жыл - НҚ және ХХ құрылысына арналған тендерлік рәсімдердің аяқталуы, ТШЖ-ны сатып алуға арналған тендерлік рәсімдердің іске қосылуы күтілуде.

Алайғыр

2022 жыл - күрделі шығыстар негізінен технологиялық жабдықтармен, НҚ-ның ЖЖК мен ҚМЖ-мен ұсынылды.

2023 жыл - Жобаның негізгі параметрлерін өзектендіру; тендерлік рәсімдерді жүргізу және НҚ және ХХ бойынша ҚМЖ аяқтауға шарттар жасасу; негізгі технологиялық жабдықты жеткізу және өнеркәсіптік алаң объектілері бойынша ҚМЖ аяқталуы.

Солтүстік қатпар және Жоғарғы қайрақты

2022 жыл - Жоғарғы қайрақты кен орнында тау-кен массивін басқару параметрлерінің геомеханикалық негіздемесін анықтау және Feasibility Study есебін (2-ші кезең), оның ішінде Солтүстік қатпар кен орнында әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілді.

2023 жыл - JORC кодексінің стандарттары бойынша Солтүстік қатпар және Жоғарғы қайрақты кен орындарының қорларын бағалауды қамтитын Feasibility Study есептерін әзірлеу жұмыстары аяқталады деп күтілуде. Солтүстік қатпар кен орнының ТЭН-ді игеру бойынша жұмыстарды аяқтау.